

*Әбдіуақан Қара*¹*

*¹тарих ғылымының докторы, Мимар Синан көркем өнер университетінің профессоры
Түркия Республикасы Стамбул қаласы*

ТАРИХИ ТАМЫРЛАРДАН ДИАСПОРА КӨШІНЕ: ШЫҒЫС ТҮРКІСТАННАН ТҮРКИЯҒА ҚАЗАҚТАРДЫҢ КӨШІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада 1950 жылдары Шығыс Түркістаннан Түркияға қоныс аударған қазақтардың көш процесі мен оның нәтижелері қарастырылады. Шығыс Түркістандағы саяси қысымдар мен этникалық қақтығыстар 1930 жылдардан бастап қазақтардың көшуіне себеп болды. Қытай билеушілерінің әділетсіз саясаты, әсіресе Оспан батыр сияқты жетекшілердің басшылығымен көтерілістер мен көш-қон қозғалыстарын тездетті.

Үдере көшкен қазақтар Тибет, Үндістан және Пәкістан арқылы ауыр сапарды бастан өткеріп, 1952 жылы Түркияға жетті. Мақала осы көштің себептері, кезеңдері және қазақ қоғамының Түркияға қоныстану үдерісін зерттейді. Сонымен қатар, Түркиядағы қазақ диаспорасының мәдени тұтастығын сақтау жолындағы әрекеттері мен Түркия мен Қазақстан арасындағы қатынастарды нығайтудағы рөлі де атап өтіледі.

Бұл көшу тек физикалық қозғалыс емес, сонымен қатар қазақтардың тіл, дін және мәдени құндылықтарын сақтау күресінің бір бөлігі болды. Түркияға қоныс аударған қазақтардың тәуелсіз Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастардың дамуына маңызды үлесі болды. Сөйтіп бұл диаспора Түркия мен Қазақстан арасындағы мәдени және саяси байланыстардың күшеюіне ықпал еткен көпір рөлін атқаруда.

Кілт сөздер: Түркия қазақтары, Шығыс Түркістан, қазақ диаспорасы, Түркия-Қазақстан қатынастары, Елісхан батыр.

*Қара Абдиуақан*¹*

*¹доктор исторических наук, профессор Университета искусств Мимар Синан, Республика Турция,
город Стамбул*

ОТ ИСТОРИЧЕСКИХ КОРНЕЙ К ДИАСПОРАЛЬНОМУ МОСТУ: МИГРАЦИЯ КАЗАХОВ ИЗ ВОСТОЧНОГО ТУРКЕСТАНА В ТУРЦИЮ И ЕЕ ПОСЛЕДСТВИЯ

Аннотация

В этой статье рассматриваются миграционные процессы и результаты миграции казахских турок, переселившихся из Восточного Туркестана в Турцию в 1930-х годах. Политические репрессии и этнические конфликты в Восточном Туркестане стали причиной миграции казахов в 1930-х годах. Несправедливая политика, проводимая китайскими правителями, усилила сопротивление и миграционные движения, особенно под руководством таких лидеров, как Осман Батыр.

Эмигрировавшие казахи достигли Турции в 1952 году после трудного путешествия через Тибет, Индию и Пакистан. В статье рассматриваются причины и этапы этой миграции, а также процесс расселения казахской общины в Турции. Также освещается роль казахской диаспоры в Турции в их усилиях по сохранению своей культурной самобытности и укреплению отношений между Турцией и Казахстаном.

Миграция была не только физическим перемещением, но и частью борьбы казахских турок за сохранение своего языка, религии и культурных ценностей. Казахи, обосновавшиеся в Турции, внесли значительный вклад в развитие отношений между Турцией и Казахстаном после образования независимого Казахстана. Эта диаспора сыграла роль моста между Турцией и Казахстаном и способствовала укреплению культурных и политических связей между двумя странами.

Ключевые слова: Казахи Турции, Восточный Туркестан, казахская диаспора, отношения Турция-Казахстан, Елисхан Батыр

*Kara Abdiyakar*¹*

¹doctor of Historical Sciences, Professor at Mimar Sinan Fine Arts University, Istanbul, Turkey

FROM HISTORICAL ROOTS TO DIASPORA BRIDGE: KAZAKH MIGRATION FROM EAST TURKESTAN TO TURKEY AND ITS CONSEQUENCES

Abstract

This article examines the migration processes and outcomes of Kazakh Turks who migrated from East Turkistan to Turkey in the 1930s. Political repression and ethnic conflicts in East Turkistan caused the Kazakhs to start migrating in the 1930s. Unjust policies implemented by Chinese rulers accelerated resistance and migration movements, especially under the leadership of leaders such as Osman Batır.

The emigrating Kazakhs reached Turkey in 1952 after a difficult journey through Tibet, India and Pakistan. The article examines the causes and stages of this migration and the process of settlement of the Kazakh community in Turkey. It also highlights the role of the Kazakh diaspora in Turkey in their efforts to preserve their cultural identity and in strengthening relations between Turkey and Kazakhstan.

Migration has not only been a physical mobility, but also part of the Kazakh Turks' struggle to preserve their language, religion and cultural values. Kazakhs who settled in Turkey have contributed significantly to the development of relations between Turkey and Kazakhstan after the establishment of independent Kazakhstan. This diaspora played the role of a bridge between Turkey and Kazakhstan and contributed to the strengthening of cultural and political ties between the two countries.

Keywords: Kazakhs of Turkey, East Turkistan, Kazakh diaspora, Turkey-Kazakhstan relations, Elishan Batur.

Кіріспе:

1952 жылғы 13 наурызда Түркия Республикасы Министрлер Кеңесінің шешімімен Түркияға қабылданған қазақтар Шығыс Түркістаннан ат пен түйе арқылы ұзақ әрі қиын көштен кейін бүгінде Түркия мен Қазақстан арасындағы достық пен мәдениет көпірлерінің негізін қалады. Бұл көштің негізгі себебін 1912 жылы Қытайда орын алған Сунь Ят Сен төңкерісімен тығыз байланысты деп қарастыруға болады. Осы төңкеріс нәтижесінде төрт ғасырға созылған Мәнжу империясының құлауы Шығыс Түркістанда билік вакуумын туғызды. Бұл аймаққа тағайындалған генерал-губернаторлардың әділетсіз әрі озбыр саясаты қазақ халқын көтеріліске шығуға және еркін өмір сүре алатын жаңа жерлерге көшуге мәжбүр етті.

Осылайша, 30-жылдардағы алғашқы көш және 40-жылдардың аяғындағы екінші көш қозғалыстары бастау алды. 1940-1950 жылдар аралығында Алтайда Осман батырдың басшылығымен болған қазақ көтерілісі осы кезеңдегі ең ауқымды әрі маңызды көтерілістердің бірі болып саналады [1]. Екі көштің арасында он жылға жуық уақыт өткеніне қарамастан, бұл көш қозғалыстарының екеуі де 1952-1954 жылдары Түркияға қоныс аударумен аяқталды. Нәтижесінде, 1991 жылы тәуелсіздігін алған Қазақстан Республикасы үшін Түркия мен Еуропаның түрлі елдерінде қазақ диаспорасы мен мәдениеті қалыптасты. Қазіргі таңда Түркиядағы қазақтар Қазақстан мен Түркия арасындағы жақындасуға және достық қарым-қатынастардың нығаюына елеулі үлес қосуда.

Түркияла тұратын қазақтардың Алтайдан Анадолыға дейінгі қиын қыстау көш тарихына назар аударғанға бір қатар жетекшілер көзге түседі: Елісхан Тәйжі, Зайып Тәйжі, Нұрғожай Батыр, Қалибек Хакім, Сұлтаншәріп Тәйжі, Құсайын Тәйжі және Дәлелхан Жанымханұлы Жаналтай. Олар тілін, дінін, ділін сақтау үшін Бөке батыр сияқты, азаттықты туған тонырақтан тыс жерлерден іздеп атқа қонған еді. Түркия қазақтарының аталары 1930 жылдардан кейін Шығыс Түркістандағы Қытай губернаторларының саяси қысымы мен қудалаулары салдарынан жалпы алғанда екі дүркін үдере көшті.

Бірінші көш – Елісхан және Зайып батырлардың жетекшілігінде 1937 жылы басталды. Арттарынан өкшелей қуған қытай әскерлерімен шайқасып, Тибет, Гималайды асып, 1941 жылы Үндістанға жеткен.

Екінші көш – бұдан он жылдан соң Мау Зыдұнның төңкерісінен кейін қозғалған. Бұл көшке Қалибек әкім, Сұлтан Шәріп Зуқаұлы, Құсайын Тәйжі, Дәлелхан Жаналтай, Нұрғожай Батыр сынды жетекшілер басшылық жасады. Бұлар 1951 жылы Кәшмір қаласына келіп орналасты.

Осы екі көш бір мезгілде Түркияға қоныс аударды. Елісхан мен Зайып жетекшілік еткен бірінші көштегілер Үндістан – Пәкістанда жүрген кезде "Шығыс Түркістан Қазақ босқындар қоғамын" құрып,

соның атынан Түркияға қоныс аударуға өтініш хат берген еді. Осы топ 1951 жылы Кәшмірге келген екінші көштің жетекшілерінің де Түркияға өтініш хат берулерін қамтамасыз етті. Олардың өтініш хаттарын Анқара үкіметі 1952 жылдың наурыз айында қабылдады.

Сөйтіп, он жылдан кейін қозғалған екінші көш алдыңғысына Кәшмірде ілесіп, екеуі бірге Түркияға жетті. Қазақтардың Үндістан мен Пәкстаннан Түркияға топ-топ болып жасаған көші 1952 жылдан 1954 жылға дейін созылды. Олардың жалпы саны – 1850 адам еді. Сонау Алтайдың күн бетінен бостандық іздеп көтерілген көштің алғашқы санын ешкім анық білмейді. Осы орайда 18 мыңнан 48 мыңға дейінгі аралықта түрлі сандар келтіріледі. Жұрт білетін анық сан – Алтайдан Анадолыға аман жеткен қазақтардың саны. Ол – 1850 адам. Сонда тілін, дінін, ділін сақтап еркін өмір үшін арпалысқан он қазақтың ең көп дегенде бірі ғана арманына жеткен ғой! Еркін өмір сүру, қазақтық қалпын сақтау, мұсылманшылығын жалғастыру үшін он мыңдаған адам құрбан болған. Сол жолда өмірін қиғандардың бірі де бірегейі көш жетекшілерінен болған Елісхан Әліпұлы болатын.

Түркияға қазақ көші туралы деректер

Бұл туралы мәлімет беретін біраз еңбектер Түркия мен Еуропа елдерінде жарыққа шықты. Бұлардың маңыздыларын атап өтер болсақ:

Түркиядағы қазақтар туралы алғашқы зерттеу, Анқара университетінің ғылыми қызметкері Сағдат Шағатайдың тарапынан жасалды. Сағдат ханым, 1952 жылдың қазан айында Кәшмірден бір топ қазақтың Түркияға келіп Ыстамбұлда босқындарға арналған үйлерге орналасқанын естиді. Келесі жылы ақпан айында Анқарадан Ыстамбұлға келіп Құсайын Тәйжі жетекшілігіндегі қазақтармен танысады.

Тіл-әдебиет зерттеушісі Сағдат Ханым олардың көш тарихынан гөрі, ауыз әдебиетіне көбірек көңіл бөлді. Олардан жар-жар, мақал-мәтел, жұмбақтар секілді ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алды. Ол осы жыйнағандарын ол, 1961 жылы “Қазақша мәтіндер” деген атпен кітап қып жариялады [2].

Кітаптың алғы сөзінде автор, Құсайын Тәйжі жетекшілігіндегі қазақтардың көш тарихынан да қысқаша түсінік берген. Сағдат Ханымның алғашқы зерттеуші болып қазақтарға көңіл бөлуі тектен тек емес еді. Ол, қазақтың бір туар мемлекет қайреткерлерінен Мұстафа Шоқайдың жақын жолдасы Тахир Шағатайдың зайыбы және Татарлардың Шоқаймен үзегілес саяси қайраткерлерінің бірі Ғаяз Исхакидің қызы еді.

Осы кезеңде Түркиядағы қазақтарға көңіл бөлген екінші зерттеуші ағылшын журналисті Лияс Годфрей болатын. Ол 1954 жылы қазақтардың көш жетекшілерінен Қайсары қаласындағы Құсайын Тәйжі, Маниса қаласындағы Қалибек Әкім және Ыстамбұл қаласындағы Сұлтан Шәріппен кездесіп әңгімелесті. Лияс 1956 жылы Лондонда “Қазақ босуы” деген атпен жарық көрген кітабында Шығыс Түркістан қазақтары жайында жалпы мәлімет бере келе Бөке Батыр мен Оспан Батырдың іс-қимылдары туралы әңгімелейді [3]. Қазақтардың Түркияға жасалған көші, әсіресе Қалибек Әкім туралы көбірек мәлімет береді. Бұл кітап 1977 жылы “Көш” деген атпен түрік тіліне аударылып басылды [4]. Ол 2019 жылы “Азаттыққа жорықтың хикаясы Аспанға асқан үркін көш [5]” деген атпен қазақ тіліне аударылып Алматыда жарық көрді.

Түркия қазақтары арасынан шыққан алғашқы зерттеуші Хасен Оралтай болды. Ол әкесі Қалибектің көші туралы кең көлемде әңгімелеген кітабын 1961-жылы “Азаттық жолында Шығыс Түркістан қазақтары” деген атпен жариялады [6]. Ол кітаптың екінші басылымы “Қазақ түріктері” деген атпен 1976 жылы қайта басылып шықты.

Осыдан бір жылдан соң атап айтқанда, 1977 жылы “Алтайларда қанды күндер” деген атпен Хызырбек Ғайратолланың кітабы жарық көрді. Кітап 2000 және 2017 жылы екі рет қайта жарық көрді [7]. Белгілі ұйғыр жетекші Иса Юсұф Алптекиннің басқаруындағы Шығыс Түркістан Босқындар Қоғамының басылымдары арасында шыққан кітап Алтайдан Анатолияға жасалған көштің ішінде болғандардың естеліктеріне негізделген. Аталған қоғамда осы орайда, бірінші көшке жетекшілік еткен Зайып тәйжінің жолдасы Секей шаңияның ұлы Қожан уәзір ақсақалдың төрағалығында бір комитет құрылған. Осы комитеттің мүшелері үй үйді аралап көшке қатысқандардың естеліктерін жинаған. Кітап осы естелік-тердің негізінде жазылып шықты. Бұл кітапта Елісхан батыр туралы құнды мәліметтер кездеседі.

Сол еңбекте осы құнды мәліметтердің маңызды бір бөлегін айтып берген Абақ керейдің базарқұл руынан шыққан Қожан уәзір ақсақалдан өмірінің соңғы жылдарында үйіне барып естеліктерін жазып кітап қып шығардық. Біздің бұл ұмтылысымыз дұрыс болған екен. Өйткені көштің бел ортасында жүрген және кей кездерде оған жетекшілік те еткен Қожан уәзір ақсақал бізге көш және Елісхан батыр туралы жан жақты сақталған мәліметтерді айтып берді. Ыстамбұл Зейтінбұрын ауданында тұратын, көштің басы қасында болған 92 жастағы Қожан уәзір ақсақаладың үйіне 2004 жылы жазда барып, естеліктерін өз аузынан жазып алған едік; ақсақал көп ұзамай, 2007 жылы дүниеден озды. Біз дәл

уақында барып ол кісінің білгендерін жазып алып қалған екенбіз. Ол бізге: қазақтың Түркияға көш тарихы және көштен бұрынғы саяси жағдайы, тұрмыс тіршілігі туралы баға жетпес мәліметтер берді.

Әңгімелесуіміз ақсақалдың қонақ қабылдайтын үлкен бөлмесінде оның зайыбы Ықиза апамыздың қатысуымен болып отырды. Бұл мен үшін өте тиімді болды. Өйткені ақсақал 92 жаста болғандықтан әңгімесінде ұмытып бара жатқан тұстарда, “ана жерде бір кісі сөйтіп еді ғой, оны айтпадыңыз ғой” немесе “Елісханды Секей шаңияның құтқарған жерін де айтсаңызшы” дейтін. Сонда ақсақал “иә, иә ұмытып бара жатыр екенмін” деп сол ұмытқан жерлерді толық айтып береді. Сонда байқағаным, апамыз ақсақалдың жанында әңгімесін ести-ести барлығын жаттап алған екен. Бәрін біледі. Соларды қайта қайта тыңдағаннан да жалықпайтын көрінді. Міне өмірлік жар деген осы болса керек. Ақсақалдың естеліктерін кітап ретінде “Қазақтардың Түркияға көші (Қожан уәзір ақсақалдың ауызша деректері)” деген атпен 2016 жылы Астанада жарияладық.

Түркиялық қазақтар арасынан шыққан қазақ көші туралы маңызды зерттеушілердің бірі ретінде Халифа Алтайды атауға әбден болады. Оның алғашқы шағын еңбегі 1977 жылы “Қазақтар туралы шежіре” деген атпен Ыстамбұлда жарық көрді [9]. Осы кітапшада Түркия қазақтарының іргелі отбасыларының 15-16 атаға дейінгі шежірелері тарқатылып көрсетілген.

Халифа Алтайдың Түркия қазақтарының көш тарихына қатысты екінші кітабы 1980 жылы “Естеліктерім” деген атпен қазақша жарияланды [10]. Өлеңмен жазылған кітапта Алтай, бала күнінен бастап басынан кешкен уақиғаларды ортаға салған. Түркияда латын әріптерімен қазақша жазылған тұңғыш кітап болып табылатын бұл еңбегінде Алтай, қазақтардың әсіресе Үндістан және Пәкістандағы өмірлері туралы құнды мәліметтер береді.

Халифа Алтайдың үшінші және ең қомақты еңбегі “Атажұрттан Анатолияға” деген атпен 1981 жылы Түркия Мәдениет Министрлігі басылымдары арасында жарық көрді [11]. 1999 жылы екінші басылымы жарық көрген кітапта қазақтардың көш тарихына қоса салт-дәстүр және мәдениеті туралы мәлімет беріледі. Бұл еңбек 1995 жылы қазақшаға аударылып Алматыда “Алтайдан ауған ел” атымен ықшамдалып жарық көрді. Кітап 2000 жылы толықтырып қайта жарық көрді [12]. Халифа Алтай да бірінші көште болғандықтан және Елісхан батырды өз көзімен көргендіктен оның бүкіл кітаптарында ол туралы мол дерек табуға болады.

Түркия қазақтарының тарихы туралы алғашқы ғылыми зерттеу Швециялық ғалым Ингвар Сванберг тарапынан жүргізілді. 1979-1986 жылдары арасында Түркия қазақтары арасында зерттеулер жасаған ол, диссертациялық еңбегін 1989 жылы Упсалада “Түркиядағы қазақ босқындар” атымен жариялады [13]. Ағылшын тіліндегі кітабында Сванберг Түркия қазақтары жайында жан жақты мәлімет берген.

Түркиялық қазақтар жайында докторлық диссертациялық еңбек жазған екінші Еуропалық зерттеуші, неміс ғалымы Марк Киршнер болды. Ол, қазақтардың тілдік ерекшеліктерін докторлық диссертация аясында зерттеп 1992 жылы жарыққа шығарған екі томдық еңбегі “Қазақшаның фонологиясы Ыстамбұлдағы қазақ босқындарынан жазып алынған әңгімелер туралы зерттеулер” деп аталады [14].

1990-жылдардың соңында атамекен Қазақстанда Түркия қазақтары туралы нақты мәліметтердің болмауы, белгілі жазушы және журналист Хасен Оралтайдың естеліктерін қазақша жазуға себеп болған көрінеді. Оның 1999-жылы Ыстамбұлда жарық көрген еңбегі “Елім-айлап өткен өмір” деп аталады [15]. Оралтай балалық шағынан бастап көрген білгендерін жазумен қатар, қазақтардың көш тарихынан, әсіресе әкесі Қалибектің төңірегінде өткен уақиғаларға және Азаттық радиосы туралы көбірек мәлімет беруде.

Түркия қазақтарының тарихына қатысты кітаптар арасында 2000 жылы Алматыда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы жариялаған екінші көштің жетекшілерінен Дәлелхан Жаналтай ақсақалдың “Қилы заман, қиын күндер” атты естелігі болып табылады [16]. Ол кітап Жаналтай ақсақалдың балалық шағынан басталып Түркияда 1990 жылдарға дейін көрген білгендерін қамтиды.

Түркия қазақтарының әрі бірінші, әрі екінші көшін бірдей қамтыған қомақты бір мақала біздің қаламымыздан 1997 жылы Егемен Қазақстан газетінде үш санында “Алтайдан Анатолияға азап кешу” деген атпен жарық көрді [17].

Түркия қазақтары туралы тағы бір маңызды кітап Нұрғожай Батырдың естеліктері болып табылады. Осы естеліктердің түрік тіліндегі нұсқасы Мимар Синан көркем өнер Университетінің профессоры Гүльчин Чандарлыоғлының 1974 жылы Ыстамбұлда Нұрғожай Батырмен кездесулерінде алған мәліметтеріне негізделіп 2006 жылы “Бостандық жолы Нұрғожай Батырдың естеліктерімен Оспан Батыр” деген атпен жарияланған [18]. Оспан Батырмен етене жақын жолдас болған Нұрғожай Батыр сол кездегі саяси уақиғалар туралы құнды мәліметтер берген.

Естеліктердің қазақша нұсқасы 1984 жылы қаңтар айында Нұрғожай батырдың үйінде төте жазумен жазылған. Оны Шыңжаңнан Түркиядағы туыстарына қыдырып келген Сұлтан Оспанұлы жазған. Біз оның ғылыми түсініктемесін бере отырып 2008 жылы Алматыдан “Азаттықтың өшпес рухы Нұрғожай батырдың естеліктері және Оспан батыр” деген атпен баспаға дайындап жарыққа шығардық [19]. Бұл еңбекте Оспан батыр туралы бұрынғы сонды ешбір жерде жарық көрмеген тың деректер орын алуда.

Көштің көрнекті жетекшісі Елісхан батыр туралы маңызды, бірақ қысқа бір естелік Елісханның жақын туысы Әтейхан Білгіннің қаламынан шыққан. Түрік тіліндегі қол жазба ретіндегі осы естелік белгілі ғалым, профессор Тұрсын Жұртбай шығарған “Қазақтың ұлт азаттық көтерілісі” атты кітапта 2007 жылы жарық көрді. Ол кітапта “Жадымдағылар (Естелік орнына)” деген атпен орын алды [20].

Түркия қазақтарының көші туралы құнды бір кітап 2011 жылы Жапонияда жарық көрді. “Қазақ көшпенділерінің 1934-1953 жылдары Алтайдан Түркияға аууы” деп аталатын кітапты Масахиро Мацубара жазған. Бұл кітапта Елісхан батыр туралы Қытайдың архив деректерінен алынған құнды мәліметтер баршылық.

Шығыс Түркістандағы көш қозғалыстарына дейінгі саяси жағдай. 20 ғасырда Шығыс Түркістанда генерал-губернатор қызметін атқарған қытай губернаторларының алғашқысы Ян Цзэнсин (1912-1928), екіншісі Цзинь Шурен (1928-1933), ал үшінші және қанды тирант Шэн Ши Цай (1933-1944) болды. Осы генерал-губернаторлар кезінде Шығыс Түркістандағы қазақтарға деген қысым-қудалау, себепсіз тұтқын-дап өлтіру барған сайын көбейіп отырды. Қытай әкімшілерінің салық жағынан да, саяси және әскери опасыздық режимдерін орнату арқылы жасаған зұлымдықтарының нәтижесінде қазақтар бұрынғы бейбіт ортадан айырылды [21]. Зұлым билеушілердің езгісіне қарсылық білдірген қазақ көрнекті тұлғалары адамзаттық масқаралық болып тарихта із қалтырған шектен шыққан жауыз әдістермен жазаланды.

Көші-қонға дейін қазақтар өмір сүрген география: Көші-қон қозғалысына дейін қазақтардың көпшілігі өмір сүрген география бүгінгі күні Қытай Халық Республикасының шекарасында жатқан Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының солтүстігінде жатыр. Қазіргі кезде бұл өңірде 2 млн-нан астам (кейбір бейресми деректер бойынша 3 млн-нан астам) қазақ тұрады. Тарихи атауы Шығыс Түркістан болып табылатын, қазір Шыңжаң деп аталып жүрген аймақ 1860 жылғы Пекин келісімі мен 1864 ж. Ресей мен Қытай арасындағы шекараны анықтаған Шәуешек хаттамалары шеңберінде Қытайдың үстемдігіне түсіп, Қытай тілінде жаңа қолға түскен жерлер мағнасында «Шыңжаң» деп аталды [22]. Осы күннен бастап Шығыс Түркістан қазақтары Қазақстандағы өз отандастарынан бөлініп, Қытай шекарасында қалды. Басқаша айтқанда, Шығыс Түркістандағы қазақтар мекендеген жерлер олардың ғасырлар бойы өмір сүрген табиғи отаны болып табылады.

Қазақтар тұратын Шығыс Түркістан аймақтары — Алтай, Тарбағатай, Іле (Құлжа) сияқты Шығыс Түркістанның таулы аймақтары, атап айтқанда, Тәңір (Тянь-Шань) тауларының солтүстігі, Баркөл, Құмыл, Алтыншоқы және Ақсай облыстары, сондай-ақ Үрімші, Қарамай, Санжы, Шонжы, Жемсары, Шихю, Кұтыби, Сауан және Манас қалалары Еренкабырғада, ал шығысында Қаратау және Боғда облыстары бар.

Шығыс Түркістан қазақтары тұратын Алтай, Тарбағатай және Тәңір тауларының ортасында орналасқан Жоңғария шөлі (шұңқыры) мен Іле жазығы бұл аймақтың астық қоймасы, жеміс жидек мол өсетін жерлер, кең алқабы, мұнай теңізі және әсіресе Алтай өңіріндегі алтын, уран сияқты асыл металдардың жұмағы деп аталады. Жоңғария шөлінің солтүстігіндегі 12 түрлі тармақтан келетін Ертіс өзені, Тарбағатайдың оңтүстігіндегі Еміл өзені және Тәңір тауларының солтүстігіндегі Манас өзенімен Іле аймағын суландыратын Текес, Кас және Күнес өзендері бар.

Шығыс Түркістанда қазақтар басым болып тұратын облыс болып табылатын Іле Қазақ автономиялық облысының ауданы 884.800 шаршы километр. Басқаша айтқанда, тіпті шығыс Түркістанда қазақтар тұратын аймақтың ауқымы бүгінгі Түркия аумағынан да үлкен. Іле деп аталатын бұл өңірдегі халық саны бес миллионнан кем [23].

Көш қозғалысының себептері:

Қазақтар бұл аймақта көшпелі ретінде өмір сүріп, мал шаруашылығымен айналысқан. Шығыс Түркістан Қытай Орталық үкіметінің қарамағында болғанымен, қазақтар өз ішінде емін еркін өмір сүріп келе жатқан. Мәнжу үстемдігі кезінде оларды "тәйжі", "үкірдай", "залын", "зәңгі" сияқты атақтары бар өздерінің қазақ билеушілері басқаратын [24], [25], [26], [27], [28]. Алайда сол кезде Орталық үкімет бұл аймақты толық бақылайды деп айта алмаймыз. Әсіресе Сунь Ят Сен 1911 жылы Мәнжу әулетін тақтан тайдырып, Қытай Республикасын құрғаннан кейін, орталықтан тағайындалған қытай генерал-губернатор-лары уақыт өте келе орталықтан дербес, өз бетінше әрекет ете бастады. Кейде олар бұл аймақта үстемдік орнатқысы келген Сталин тұсында Кеңестік Ресеймен тығыз қарым-қатынас жасауға асықпады [29], [30]. Губернаторлар бұл аймақтағы ұйғырлар мен қазақтардың дербес өмірін жоюға

ұмтылғандықтан, озбырлық пен қуғын-сүргін күшейе түсті. Бұл жағдай әсіресе Қытайдың Шығыс Түркістан генерал-губерна-торы Цзинь Шу Рен (1928-1933) мен Шэн Ши Цай (1933-1944) билік еткен кезде шектен асты [31].

Бұл кезеңде ең кішкентай қылмыстар үшін адамдар өлім жазасына кесілді. Байырғы халықтың жерлері тәркіленіп, ішкі жақтан келген қытай эмигранттарына берілді. Қазақтардың ана тілінде оқып білім алуы шектелді. Олардан алынатын алман-салықтар шектен тыс көбейтілді. Қоғамның көрнекті мүшелері тұтқынға алынды. Міне бұл келеңсіз жағдайлар аймақтағы ұйғырлар мен қазақтардың бас көтеруіне түрткі болды.

Шығыс Түркістан губернаторы Шэн алғашында шиеленіс пен тұрақсыздықтың алдын алу үшін 1933-1938 жылдар аралығында халықтың сенімін алу үшін әккі саясат жүргізді. Атап айтқанда ол қазақтардың алдыңғы қатарлы қайраткері Шәріпхан Төрени Алтай губернаторы етіп тағайындады. 1934 және 1936 жылдары екі рет халықтан өкілдер сайлап, съездер өткізді. Осы съездердің бірінде Алтай өлкесінің депутаты ретінде қазақтардан Жанымхан Тілеубайылы да қатысты. Съезде сөйлеген сөздерінің бірінде, Шэн өзінің алдындағы Ян Цзэнсин (1912-28) мен Цзинь Шу Реннің (1928-33) әділетсіздіктеріне байланысты халық қиын кезеңдерден өтіп жатқанын мәлімдеп, халықтың бірлігін қамтамасыз ету және олардың бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүруін қамтамасыз ету үшін бар күшін салатынын айтып, халықты «аймақты бірге қайта құруға» шақырды. Сол жерде аймақтық үкіметтің қытай басшысы Ли Рунг және съезде сөз сөйлеген облыстық үкімет төрағасының орынбасары ұйғыр Хожа Нияз сияқты өкілдер оның саясатын қолдап, жүзеге асыратынын мәлімдеді. Бұрын-соңды мұндай ештеңе көрмеген халық шынымен де бейбіт өмір сүріп теңдікке ие боламыз деп ойлаған [32].

Алайда Шэннің шынайы бет-әлпеті біраз уақыттан кейін шыға келді. 1938 жылы ол Қытай Орталық Үкіметінің рұқсатынсыз Кеңес Одағымен келісім жасады. Осыдан кейін ол Сталин әдістерін қолданып халыққа қысым жасай бастады. Ол халық арасында үрей туғызу арқылы оларды қатаң бақылау астына алу үшін барлық құралдарға жүгінді. 1937 жылы Сталиннің Кеңестік республикаларда жасағандай «тазарту» әрекетіне кірісті. Ол еш себепсіз халық арасындағы игі басшыларды, дін басылары мен зиялы қауым өкілдерін тұтқындап түрмеге тықты. Ол оларды «империализмді қалағандар, Кеңестердің жаулары, бүлікшілер, іріткі салушылар» сияқты түрлі қолдан жасалған орынсыз қылмыстармен айыптады. Түрмелерде олар адамгершілікке еш жатпайтын азаптау-қинау тәсілдерімен өлтірілді [33].

1939 жылы Шэн Ши Цай қазақ және қырғыз съездерін ұйымдастырып, Үрімшіде халық басшыларын жинады. Олардың көбі съезден кейін ешқандай себепсіз тұтқындалып, түрмеде өлтірілді. Олардың ішінде 30-ға жуық елдің алдыңғы қатарлы тұлғалары, соның ішінде Шәріпхан төре, Әлең Уаң Туре, Бұқат Бейсі, Көкенай Тәйжі, Мұфти Ақыт Хажы Ұлімжіұлы сияқты көрнекті қазақтар болды [33, 73-74 бб.], [34].

Шэн Ши Цайдың езгі мен жауыздықта шек болмаған билігі салдарынан қазақтар 1940 жылдан бастап қарулы күреске шықты. Осы тұрғыда Алтайдың Көктоғай аймағындағы қазақтар Ырысхан Ноғайбайылының басшылығымен қытай билеушілеріне қарсы қолаға қару алып атқа қонды. Олар өздеріне қарсы жіберілген қытай армиясының біразын өлтіріп, кері шегіндірді. Кейіннен 1940 жылы 25 қыркүйекте казак күштері мен қытайлар арасында бітім шартына қол қойылып, қазақтар қару-жарақтарын табыс етті. Осы келісім шарттарының бірі бойынша Алтай өлкесінің әкімшілігі қазақтарға берілуге тиіс болды [35]. Соған байланысты Бұқат Бейсі Алтай губернаторы және Алтай губернаторының орынбасары болып Жанымхан Тілеубайұлы тағайындалды [34, 478 б.]. Алайда Осман батыр қытай губернаторы Шэн Ши Цайға сенбегендіктен, ол қаруларын тапсырмай, үзегілес жолдастарымен бірге тауға аттанады. Шын мәнісінде Осман батырдың бұл әрекетінің дұрыстығы кейін малім болатын еді. Өйткені көп ұзамай Қытай губернаторы Шэн келісімді бұзып, 1941 жылдың мамыр айынан бастап Көктоғай өңіріне қалың қытай әкери күштерін жібере бастады.

Міне біз қысқаша баяндаған осы жағдайлар бұл аймақтағы қазақтардың көтеріліске шығуына себеп болғанымен саны көп және техникасы жағынан күшті болған қытай армия күштеріне ұзақ мерзімге қарсы тұра алмасы анық еді. Бұл жағдай көшпелі өмірді басқарған қазақтардың бір бөлігінің қысыммен қудалауға тап болып үрей мен өлім арасында өмір сүрудің орнына еркін өмір сүре алатын аймақтарға қоныс аудару туралы шешім қабылдауына себеп болды [32, 68-73 бб.].

Көш кезеңдері. Шығыс Түркістандағы Қытай генерал-губернаторының қысымына ұшыраған қазақтардың Түркияға қоныс аударуы кенеттен және тікелей жасалған жоқ. Ол 1935-1952 жылдар аралығындағы 17 жыл бойы төрт кезеңнен өтті.

Бірінші кезең – Шығыс Түркістан генерал-губернаторы Шэн Ши Цайдың қысымынан қазақтардың дүнгендердің, яғни қытай мұсылмандарының қол астындағы Ганьсу провинциясына қоныс аударуы. 1935 жылы мектептерде ана тілінде білім беру тоқтап, қазақтардың атқа мінер азаматтары тұтқындала бастаған кезде Құмыл, Баркөл қалаларында тұратын қазақтар қысым және қудалаудан құтылудың

жолын іздей бастады. Мекен Шания, Ерен хан, Елісхан Тәйжі, Зайып Тәйжі сияқты қазақ басшылары 1935 жылы тамызда Қойсуда құпия съез өткізді. Шығыс Түркістан генерал-губернаторы Шэн Ши Цайдың күште-ріне қарсы Ганьсу және Шыңкай провинцияларының қытай мұсылман дүнген губернаторы Ма Пу Фаннан көмек сұрау туралы шешім қабылданды [7, 26 б.].

Алайда ол жерден көмек алуға мүмкіндік болмады. Бұған жауап ретінде Елісхан тәйжі бастаған казактар тобы 1936 жылдың көктемінде Ганьсуға үдере көшті [8, 107-109 бб.]. Алайда бұл көш оңай болған жоқ. Жол бойында генерал-губернатор Шэн Ши Цай жіберген қытай армиясымен қыян кескі қақтығыстар болды. Ганьсуға келген алғашқы қазақтарды дүнгендер жақсы қабылдады. Қонақжайлылық көрсетті. Үш айдан кейін Зайып Тәйжі бастаған казактардың екінші тобы Баркөлден Ганьсуға қоныс аударды.

Қазақтар Ганьсу аймағында. Қазақтардың Шығыс Түркістанның Баркөл мен айналасындағы қазақтардың Ганьсуға көшіп кетуі Алтай өңіріндегі қазақтар арасында үлкен толқу туғызды. Өйткені олар да Шығыс Түркістанның қытай генерал-губернаторы Шэн Ши Цайдың зорлық зомбылық, қуғын сүргінге саясатының салдарынан қатты қыйналуда еді. Іс жүзінде бұл қысым Баркөл казактарының Ганьсуға көшіп-қонуынан кейін одан әрі күшейе түсті. Сол жерде Шығыс Түркістанның Алтай өңіріндегі қазақ басшылары 1937 жылы қарашада кеңес өткізді. Нұр Әли Бидің үйінде өткен кездесуге Әйымбет, Құсайын Тәйжі, Сұлтан Шәріп сияқты көшбасшылар қатысты. Бұл кездесуде олар да Ганьсуға қоныс аударуға шешім қабылдады. Алайда генерал-губернатор Шэн Ши Цай бұл шешімді хабар алып оларға қарсы әскери ұшақтардың қолдауында әскер жіберді. Қатаң ұрыс қимылдарына қарамастан казактар Ганьсуға көшіп кетті. Алтай казактары өздеріне дейін қоныс аударған Елісхан мен Зайып Тәйжі бастаған Ганьсудың Ұйыркин Бірка аймағындағы казактармен кездесті [12, 15-28 бб.]. Кездесу үлкен қуаныш пен толқу-тебреніске себеп болды. Сөйтіп, Шығыс Түркістанның қытай генерал-губернаторы Шэн Ши Цайдың зұлымдығынан аман қалған Баркөл, Құмыл және Алтай аймақтарының казактары Ганьсуға жиналды [7, 37-40 бб.].

Сөйтіп, казактар Ганьсуда бейбіт күндер өткізе бастады. Бірақ бейбітшіліктің бұл күндері екі жылдан аспайтын уақытқа созылды. Пекиндегі Чан Кай Ши үкіметі казактарды репатриациялау үшін дүнген генералына қысым жасай бастады. Генерал Ма бұл қысымға мойынсұнбады. Себебі, бір жағынан, Қытай ішкі қайшылықтарды бастан кешіріп, екінші жағынан Жапониямен соғыста болды. Пекин үкіметі Генерал Маны көндіре ала алмағаннан кейін, Сжыв өлкесінің қолбасшысы Ма Лу Жанға бұйрық түсірді. Ол арқылы казактарға қысым жасады. Ма Лу Жан казактардың жылқылары мен қару-жарақтарын әр түрлі сылтаумен тәркілеуге кірісті. Ма Лу Жанның қысымы күн сайын күшейіп келе жатқанын көріп, казактардың жетекшілері Елісхан Тәйжідің үйінде бас қосып жағдайға шолу жасап Ма Лу Жан қолбасшының казактарға көзқарасы достықта емес деген қорытындыға келді және осыған байланысты Ганьсудан еркін әлемге көшіп кету туралы шешім қабылданды [33, 47-49 бб.].

Қазақтар Үндістанға барар жолда. Осылайша көші-қонның екінші кезеңі, Ганьсудан Үндістанға көш басталды. Бұл көш көптеген кедергілерге тап болды. Ең алдымен, Ма Лу Жан бұл көшке бөгет болғысы келді. 1939 жылы мамырда Ма Лу Жан Тибетке барар жолда Елісхан тәйжінің тобына уәкілдер жіберіп, оларды түрлі уәделермен қайтуға көндірді. Оларға Біркаға қайтып келсе, бұрынғыдай қысым көрмей жайлы өмір сүре алатындықтары айтылды. Ол үшін оларға қару-жарақтарын тапсырулары сұралды. Сөйтіп келісім жасалып Біркаға қайтып бара жатқан жолда Ма Лу Жан Сәдім жазығындағы аялдама кезінде Елісхан мен оның серіктерін тұтқындады. Алайда казактар түн ортасында қытай әскерлері ұйықтап жатқан кезде балта, күрек, тас және таяқшалармен шабуыл жасау арқылы Елісхан мен оның серіктерін құтқарып алды. Олар сонымен қатар шабуыл кезінде қолбасшы Ма Лу Жан пен оның жауынгерлерін өлтірді. Содан кейін көш тобы Тибетке қарай тағы да жолға шықты [7, 57-66 бб.], [8, 72-74 бб.], [12, 32-57 бб.].

Осы оқиғадан кейін Ганьсудағы өзге казактардың сол жерде қалуына мүмкінді жоқ еді. Зайып Тәйжі және оның үзенгілестері жиналыс өткізіп, Елісхан Тәйжіден кейін Тибет арқылы Үндістанға қоныс аударуға шешім қабылдады. Олар 1939 жылдың қыркүйегінде аттанды. Екі көш тобы Тибеттің Нақша аймағында кездесті. Алайда олардың бұл жерге келуі оңайға соқпады. Жолда оларды бұғаттауға тырысқан қытайлықтармен де, тибет жауынгерлерімен де қақтығысуға тура келді. Бұл кедергілерді жоюда казактардың соғыста және қару қолдануда шеберлігі маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар казактарға қатал табиғи жағдайларға төтеп беруге тура келді. Көптеген адамдар Тибеттің биік таулы қыраттарында оттегінің жетіспеушілігінен пайда болған “ыс” деген аурудан қайтыс болды. Солардың бірі көш басшысы ЗайыпТәйжі болды. Сондай-ақ олар қысқы жағдайда қарға, боранға және суыққа қарсы күресті. Ең бастысы, оларды ең көп қинаған аяз суықта мұз боп қатып жартасқа айналған топырақта қаза тапқандар үшін қабір қазу еді. Осы қиындықтардың бәрінен кейін казак көші Үнді шекарасына 1940 жылдың қыркүйегінде келді [7, 57-66 бб.], [8, 72-74 бб.], [12, 32-57 бб.].

Қазақтар Үндістан мен Пәкістанда. Үндістан мен Пәкістанда көштің үшінші кезеңі басталды. Тибет шекарасын кесіп өту арқылы Үндістанға барғанымен қазақтардың проблемалары шешілмеді. Жаңа елде олар әр түрлі қатал жағдайларға тап болды. Қазақтар, атап айтқанда, Үндістанда олар қоныстанған Мұзаффарабад босқындар лагерінде күтпеген дұшпандық қарым-қатынасқа ұшырады. Оларға лагерь әкімшілері тұтқын ретінде қарады. Өйткені қазақтарға жеткілікті азық-түлік немесе сусындар берілмеді, сондай-ақ тазалануға да жағдайлар жасалмады. Оның үстіне Қазақтарға жат аймақтың тропиктік климат-тық жағдайлары осыларға қосылғанда лагерьде эпидемиялар орын алды. Осының кесірінен лагерьде мыңға жуық қазақ қаза тапқан. Қазақтардың бұл ауыр жағдайында Үндістан мұсылмандарының арала-суына тура келді. Кәшмирлік мұсылмандардың көшбасшысы Мұхаммед Абдулла, Панджаб мұсылман-дарының көшбасшысы Решад Әли хан, Қари Хабибулла қаласының мұсылмандары жетекшісі Ислам хан Британ өкіметіне үндеу тастап, қазақтарды Мұзаффарабад лагерінен алып кетуді қамтамасыз етті [7, 69-78 бб.], [12, 58-63 бб.].

Музаффарабадта алты ай қыйын күндер кешкеннен кейін қазақ босқындары Хазар провинциясының Тырнова қаласының маңындағы Камфор лагеріне ауыстырылды. Оларды көшіру барлық қиындықтарды ұмыттыратындай қызықты әрі эмоционалды түрде іске асты. Жергілікті тұрғындар қазақ мұғажырларын Камфорға ауысатынын естіп білгеннен кейін, көшелерге шығып сап түзеп қазақтарға гүл лақтырып, бір-бірімен жарыса тамақ пен сусын ұсынды. Камфор лагері салыстырмалы түрде тыныштықты қамтамасыз етті. Бірақ мұнда да эпидемиялар пайда болып, күн сайын ондаған адам қайтыс болды. Бір жылдан кейін британдық әкімшілік қазақтарға босқындардың идентификацияларын берді. Осы құжатпен кез келген адам лагерден кетіп, қалаған жеріне қоныстана алатын еді. Бірақ ешкімнің кәсібі де, ақшасы да жеткілікті емес еді. Олар лагерьден шыққанда қайда барып паналайды және қалай жан бағатын еді?

Өзірге жергілікті тұрғындар қазақтардың апатқа ұшыраған жағдайын сезініп, ресми билік органдарына жүгініп, қазақтарға қоғамдық көлікпен тегін жүруді қамтамасыз етті. Олар сондай-ақ қазақтар үшін жаппай тұрғын үй салу науқанын бастады. Науқан аймақтың мұсылман басшыларына таралды. Осман-дық патшалығының соңғы халифі Әбдемежиттің қызы Дуррушехва сұлтанға үйленген Хайдарабаттың әкімі Мир Осман хан Камфор лагеріне келіп, қазақтарға үй және жұмыспен қамтамасыз етуге уәде берді [17, 15 б.]. Бірақ Хайдарабат елдегі ең ыстық аймақтардың бірі еді. Сол себептен қазақтардың өмір сүруіне жарамады. Хайдарабат әкімінен кейін лагерьге келген Бопалдың әкімі Хамидолла хан да осындай ұсыныс жасады. Бопал Хайдарабатқа қарағанда салқын және орманды аймақ болды. Құсман Тәйжі бастаған 500 адамнан тұратын топ Бопалдың Матар қалашығына қоныстанды. Сондай-ақ кейбір қазақ-тарға Бопал қаласының шет аймақтарының бірінде Қазақбад атымен жаппай тұрғын үй салынды. Уақыт өте келе қазақтардың басқа топтары Лахор, Пешавар, Равальпинди, Таксила сияқты қалаларға қоныста-нып сауда жасай бастады [7, 79-81 бб.], [12, 63-67 бб.]. 1947 жылы Үндістан екіге бөлінгеннен кейін қазақтар халқы мұсылмандардан тұратын Пәкістанға қоныстанды [33, 74-78 бб.].

Қазақтар 1940-1950 жылдар аралығында Үндістан мен Пәкістанға үйренді. Олар жергілікті мұсылман халқы тарапынан да қолдауға ие болды. (Түркия қазақтары өздерінің иммиграциясында пәкістандықтар-дың өздеріне көрсеткен жақындығын ешқашан ұмытпаған. Сол себептен олар 2005 жылдың 8 қазанында 7,6 шамасы бар ірі жер сілкінісінен шайқалған Пәкістан халқына көмек көрсету науқандарына шын жүректен қатысып, белгілі бір дәрежеде адалдық қарызын өтеуге тырысты.) Алайда олар тіл мен мәдениет айырмашылығына байланысты өздерін жайлы сезінбеді. Сондықтан олардың барлық ниеті мәдениеті мен тарихы тамырлары бірдей Түркияға қоныс аударып, келесі ұрпақтарының сол жерде өсіп-өнуін қамтамасыз ету еді.

Қазақтардың Түркияға қоныс аудару туралы шешімі

Қазақтардың көшіп-қонуының төртінші кезеңі Түркияға көшіп-қону болып табылады. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін қазақтар Үндістандағы Түркия елшілігіне өтініш білдіріп, Түркия-ға қоныс аудару туралы өтініштерін жеткізді. Алайда соғысқа кірмеген, бірақ сол кезеңдегі қиыншы-лықтарға тап болып отырған Түркия жаңа босқындарды бірден қабылдамады [7, 83 б.]. Бірнеше жылдан кейін қазақтардың алда келген азаматтары жиналып, Түркияға көшіп баруды талап етіп қадағалауды сондай-ақ қазақтар арасында бірлік пен ынтымақты сақтау үшін бір азаматтық ұйым құру керек деп шешті. Сөйтіп, 1949 жылы Пешавар қаласында Шығыс Түркістан қазақ эмигранттары қоғамы құрылды. Зайып тәйжі ұлы Құсман Тәйжі қауымдастық төрағасы, Хамза Инан төраға орынбасары, Атейхан Білгін бас хатшы, Халифа Алтай есепші және Каймдолла Иимолла Қазынашы болып сайланды. Қауымдастық төралқа кеңесінің басқа мүшелері Әбдікебир Ақкөл, Қали Жәдик, Бексұлтан Гөкай, Ұядан Ақай және Тұрсынбай Құбілай еді [12, 109-110 бб.].

Қоғамдық ұйымның негізі қаланғаннан кейін ең алдымен Пәкістанның әр түрлі қалаларында тұратын қазақтардың тізімін дайындау керек болды. Кейінірек, 1950 жылы ақпанда бұл тізім

қазақтардың Түркияға қоныс аудару өтінішімен бірге Түркияның Пәкістандағы елшісі Набил Батуға тапсырылды. Бір жылдан кейін Анкарадан қазақтардың Түркияға мигранттар ретінде қабылданатынына, бірақ бюрократия-лық жұмыстардың аяқталуын біраз уақыт күтуге тура келетінін айтып жауап келді [33, 112-114 бб.].

Сонымен қатар, 1950 жылы Кәшмирге Шығыс Түркістаннан қазақ көшінің екінші толқынын құраған топ келді. Бұл топ Қалибек Хаким, Дәлехан Жаналтай, Құсайын Тәйжі, Нұрғожай батыр және Сұлтан Шәріп Тәйжі бастаған қазақтарға қоса, Иса Юсуф Альптекин мен Мехмет Әмин Бұғра бастаған ұйғырлар еді. Бұл топ 1949 жылы Мау Цзэдун бастаған коммунистік революция әкелген жаңа жежимге бағынғысы келмегендіктен еркін әлемге жол тартқан-ды [36]. Тибет арқылы келген бұл топтағы қазақтар да қытайлықтармен де, тибет жауынгерлерімен де соғыса отырып Үндістан шекарасын кесіп өтіп, Кәшмирге келіп, жеткен еді [2, 1-4 бб.], [37], [15], [3].

Арманына жеткен қазақтар Түркияда

Пәкістандағы қазақтар Кәшмирге келген отандастарына хабарласып, өздерінің Түркияға көшіп бару туралы өтініштерін түрік үкіметінің қабылданғанын айтып оларға дереу осылай өтінішті түрік консул-дығына тапсыруға кеңес берілді [8]. 1952 жылы 13 наурызда Түркия Республикасы бас-министрі Аднан Мендерестің төрағалығындағы Министрлер Кеңесінің шешімімен Пәкістан, Үндістан, Кашмир қазақтары ресми түрде Түркияға иммигранттар ретінде қабылданды [7]. 1952 жылдың қыркүйегінен 1954 жылдың сәуіріне дейін екі жыл мезгілде қазақтар Түркияға топ-топ болып келді. Біріншіден, оларды Зәйтінмұрны, Тұзла және Сиркежідегі мигранттардың қонақ үйлеріне орналастырды. Кейіннен олар Маниса Салихли, Кайсери Девели, Нигде Алтайкөй, Невшехир Ақсарай және Конья Исмильге қоныстанды. Уақыт өте келе ауылдық жерлердегі тіршілік қиындықтары олардың Ыстамбұлға, Зәйтінмұрны қалашығына қоныс аударуына себеп болды. Өйткені ол кезде Зәйтінмұрны қала шетінде болғандықтан пәтер жалдау және басқа жағдайлардан қала орталығына қарағанда арзандау еді [8], [38].

Алтай тауларының бөктерінен еркін әлемге қоныс аударған қазақтардың бастапқы кезде қанша адамның атқа қонғаны туралы нақты саны белгісіз. Осыған байланысты деректерде 18 мыңнан 50 мыңға дейінгі түрлі сандар келтіріледі. Аман қалып, Түркияға жеткендердің саны болса белгілі, ол — 1850. Яғни, еркіндікке деген құштарлықпен жолға шыққан әрбір он қазақтың тек біреуі ғана өз мақсатына жете алды. Еркін өмір сүріп, қазақтық және мұсылмандық болмысын сақтап қалу үшін жасалған бұл көш он мыңдаған шәйіттің қанын судай аққан еді.

Қорытынды.

Қазақтардың Түркияға көшіп-қонуы үш толқында орын алды деп айтуға болады. Алғашқы толқын Қытай Республикасы қазақтарының Чан Кай Шек тұсында Шығыс Түркістанның Баркөл, Құмыл және Алтай аймақтарынан Түркияға көшіп-келгендер құрайды. 30-жылдардың ортасында басталған бұл көші Ганьсу, Тибет, Үндістан, Пәкістан арқылы 17 жылға созылды. Екінші толқын 1949 жылғы Мау төңкерісі-нен кейін Қытайда жаңа режимді қабылдамағандықтан басталды. Бұл екі көштік қозғалыс жүйесіз жүргізілмеді. Жетекшілердің басшылығында байырғы көшпелі түркі мәдениетінің көш ерекшеліктеріне сәйкес тәртіпті және ұжымдық түрде жүргізілді. Бұл жағынан бұл көш заманымыздан бұрынғы дәуір-лерден бастау алатын сақ, ғұн, көктүрік сыяқты түркілердің Орталық Азиядан батысқа қарай жасаған көштерінің соңғысы болып табылады.

Осы көш барысында қазақ жетекшілерінің тұрақтайтын соңғы елі ретінде Түркияны таңдалуы – бұл кездейсоқтық емес, саналы таңдау. Өйткені олардың мақсаты тіл, дін, мәдениет және тарих жағынан ортақ тамыры бар, болашақ ұрпақтары ұлттық болмысын жоғалтпайтын Түркияда шеттетілмейтін ортаға қол жеткізу еді. Қазір Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін кейбір қазақ отбасылары ата-баба отанына қайта қоныс аударып келеді. Олардың саны шамамен он мыңға жуық деп бағаланады. Қазақстан өзінің бес миллион отандасын отанына біртіндеп қоныстандыру мақсатында арнайы көші-қон саясатын жүргізуде.

Әлемнің шамамен 40 елінде (Демограф Мақаш Тәтімов қазақтардың әлемнің 40 елінде тұратынын анықтады) шашырап орналасқан диаспора қазақтарының ішінде Түркия қазақтары өздерін ең бақытты диаспора деп есептейді [38]. Бұл олардың әрі материалдық, әрі рухани тұрғыдан өзін қауіпсіз әрі тыныш сезінуімен байланысты. Сонымен қатар, Түркияның 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігін алғаш болып мойындаған мемлекет болғаны да олардың мақтанышы мен қуанышын еселей түседі. Одан бөлек, тәуелсіз Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастар кез келген өзге елдермен салыстырғанда жоғары деңгейдегі достық және бауырластық негізде қалыптасқан. Түркия қазақтары осы қарым-қатынастардың дамуына өз үлестерін қосуға барынша ынталы.

Әлемнің 40-қа жуық елінде шашыраңқы орналасқан диаспора қазақтарының ішінде Түркия қазақтары өздерін ең бақытты диаспора деп санайды. Өйткені олар әрі материалдық, әрі рухани тұрғыдан

өздерін бейбіт сезінеді. Түркияның 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы ел болғандығы да олардың мақтанышы мен бақытын еселей түседі. Бұдан басқа, тәуелсіз Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастар кез келген басқа елге қарағанда жоғары достық қарым-қатынаста және өзара туысқандық негіздерге негізделген. Олар осы қарым-қатынастарға барынша үлес қосуға тырысады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіуақан Қара, *Азаттықтың өшпес рухы Нұрғожай батырдың естеліктері және Оспан батыр*, Алматы, «Сардар» баспасы, 2008.
2. Çağatay S. *Kazakça Metinler*. - Ankara, 1961.
3. Godfrey L. *The Kazak Exodus*. - London, 1956.
4. Godfrey L. *Göç*. – İstanbul, 1977.
5. Годфри Л. *Азаттыққа жорықтың хикаясы Аспанға асқан үркін көш*. – Алматы, 2019.
6. Oralay H. *Hürriyet Yolundaki Doğu Türkistan Kazak Türkleri*. - İstanbul, 1961.
7. Gayretullah H. *Altaylarda Kanlı Günler*. - İstanbul, 2017.
8. Қара Ә. *Қазақтардың Түркияға көші (Қожан уәзір ақсақалдың ауызша деректері)*. - Алматы: Орхон баспауы, 2016.
9. Altay H. *Kazak Türklerine Ait Şecere*. - İstanbul, 1977.
10. Altay H. *Esteliklerim*. - İstanbul 1980.
11. Altay. H. *Anayurttan Anadolu'ya*. - Ankara, 1981.
12. Алтай Х. *Алтайдан Ауған Ел*. - Алматы 2000.
13. Svanberg I. *Kazak Refugees in Turkey, A Study of Cultural Persistence and Social Change*. - Uppsala 1989.
14. Kirchner M. *Phonologie des Kasachischen, Untersuchung Anhand von Sprachaufnahmen aus der Kasachischen Exilgruppe in İstanbul. II Band*. - Wiesbaden, 1992.
15. Оралтай Х. *Елім-айлап өткен өмір*. - Ыстамбұл, 1999.
16. Жаналтай Д. *Қилы заман, қиын күндер*. - Алматы, 2000.
17. Қара Ә. “Алтайдан Анатолияға азан кеуі” // *Егемен Қазақстан*, 1996 жылы, 12-13, 15 Қазан.
18. Çandarlıoğlu G. *Özgürlük Yolu Nurgocay Batur'un Anılarıyla Osman Batur*. - İstanbul: Doğu Kütüphanesi, 2006.
19. Қара Ә. *Азаттықтың өшпес рухы Нұрғожай батырдың естеліктері және Оспан батыр*. - Алматы: Сардар Баспасы, 2008.
20. Білгін Ә. *Жадымдағылар (Естелік орнына) // Жұртбай Т. Қазақтың ұлт азаттық көтерілісі*. - Астана: Астана Полиграфия, 2009. - 197-208-беттер.
21. Forbes A. *Doğu Türkistan'daki Harp Beyleri: Doğu Türkistan'ın 1911–1949 Arası Siyasi Tarihi*. (Çev. Enver Can). - İstanbul, *Doğu Türkistan Vakfı*, 1990, 17-284-беттер.
22. İnayet A. *Bir Medeniyet Havzası Olarak Doğu Türkistan // Hür Doğu Türkistan Sempozyumu*. – İstanbul: *İnsanı Yardım Vakfı*, 2010, 13-бет.
23. Әбдіуақан Қара, *Азаттықтың өшпес рухы Нұрғожай батырдың естеліктері және Оспан батыр*, Алматы, «Сардар» баспасы, 2008.
24. Сәмитұлы Ж. *Қытайдағы Қазақтар*, Алматы, *Дуниежүзі Қазақтары Қауымдастығы*. - Алматы, 2000, 47-бет.
25. Benson L. – Svanberg I. *China's Last Nomads: The History and Culture of China's Kazaks*. Armonk-New York-London, 1998.
26. Svanberg I. *The Nomadism of Orta Zhuz Kazaks in Xinjiang 1911-1949 // The Kazaks of China Essays on an Ethnic Minority*. Ed. Bergson L. – Svanberg L. Uppsala, 1988, 115-125-беттер.
27. Зардыханұлы Қ. *Монғолия қазақтары // Қазақ диаспорасы бүгін мен ертеңі*, Астана, 2005, 99-102-беттер;
28. Сыроежкина К.Л. *Современный Циньзян и его место у Казахстанско-Китайски отношениях*. Алматы 1997, 96-109-беттер.
29. Bräker H. *Çin-Sovyet İlişkilerinde Milliyet Hareketleri // Stratejik Açidan Sovyet Müslümanları ve Diğer Azınlıklar*. Ed., Wimbush S. E. (Çev., Yuluğ Tekin Kurat). Ankara- Yeni Forum Yayınları, 1988, 183–198-беттер.
30. Мұқаметханұлы Н. *Қытайдағы қазақ қауымдастығының қалыптасуы // Қазақ диаспорасы бүгін мен ертеңі*. Astana 2005, 132-139-беттер.

31. Forbes, 62–296-беттер; Мендікұлова М. Исторические судьбы казахской диаспоры происхождение и развитие. Алматы 1997, 113-122-беттер; Жаналтай Д. Қилы заман-қыын күндер. Алматы, 2000, 25-58-беттер;
32. Canaltay, 68-бет.
33. Ибид., 69-70-беттер.
34. Altay H. Anayurttan Anadolu'ya. Ankara, Kültür Bakanlığı Yayınları. 1998, 465–468 беттер.
35. Hayit B. Türkistan Rusya ile Çin Arasında. İstanbul- Otağ Yayınları, 1975, 324–25-беттер; Canaltay, 74–75-беттер.
36. Laird T. Into Tibet The CIA's First Atomic Spy And His Secret Expedition to Lhasa. New York, 2002.
37. Oraltay H. Hürriyet Uğrunda Kazak Türkleri. İstanbul, 1976
38. Қалишабаева Б. Қ. – Бейсегұлова А. С. Түркия Қазақтары (этникалық тарыйхы, этнографиялық ерекшеліктері), Алматы, Қазақ университеті, 2013, 38-45-беттер.
39. Татимов М. Б. Қазақ диаспорасының этнодемографиясы және Егемен Қазақстан // Қазақ диаспорасы бүгін мен ертеңі, Астана 2005, 56-57-беттер.

References:

1. Äbdüaqaп Qara, Azattyqtyñ öşpes ruhy Nürğojai batyrdyn estelikteri jäne Ospan batyr, Almaty, «Sardar» baspasy, 2008.
2. Çağatay S. Kazakça Metinler. - Ankara, 1961.
3. Godfrey L. The Kazak Exodus. - London, 1956.
4. Godfrey L. Göç. – İstanbul, 1977.
5. Godfri L. Azattykka joryktyñ hikaiasy Aspantau asqan türk köş. – Almaty, 2019.
6. Oraltay H. Hürriyet Yolundaki Doğu Türkistan Kazak Türkleri. - İstanbul, 1961.
7. Gayretullah H. Altaylarda Kanlı Günler. - İstanbul, 2017.
8. Qara Ä. Qazaqtardyñ Türkiäğa köşü (Qojan uäzir aqsaqaldyñ auyzşa derekteri). - Almaty: Orhon baspaüü, 2016.
9. Altay H. Kazak Türklerine Ait Şecere. - İstanbul, 1977.
10. Altay H. Estelikterim. - İstanbul 1980.
11. Altay. H. Anayurttan Anadolu'ya. - Ankara, 1981.
12. Altay H. Altaidan Auğan El. - Almaty 2000.
13. Svanberg I. Kazak Refugees in Turkey, A Study of Cultural Persistence and Social Change. - Uppsala 1989.
14. Kirchner M. Phonologie des Kasachischen, Untersuchung Anhand von Sprachaufnahmen aus der Kasachischen Exilgruppe in İstanbul. II Band. - Wiesbaden, 1992.
15. Oraltay H. Elim-ailap ötken ömir. - Ystambul, 1999.
16. Janaltay D. Qily zaman, qiyin künder. - Almaty, 2000.
17. Qara Ä. “Altaidan Anatoliağa azap keşü” // Egeмен Qazaqstan, 1996 jyly, 12-13, 15 Qazan.
18. Çandarlıoğlu G. Özgürlük Yolu Nurgocay Batur'un Anılarıyla Osman Batur. - İstanbul: Doğu Kütüphanesi, 2006.
19. Qara Ä. Azattyqtyñ öşpes ruhy Nürğojai batyrdyñ estelikteri jäne Ospan batyr. - Almaty: Sardar Baspasy, 2008.
20. Bilgin Ä. Jadymdağylar (Estelik ornyna) // Jürtbai T. Qazaqtyñ ült azattyq köterilisi. -Astana: Astana Poligrafia, 2009. - 197-208 p.
21. Forbes A. Doğu Türkistan'daki Harp Beyleri: Doğu Türkistan'ın 1911–1949 Arası Siyasi Tarihi. (Çev. Enver Can). - İstanbul, Doğu Türkistan Vakfı, 1990, 17-284-p.
22. İnayet A. Bir Medeniyet Havzası Olarak Doğu Türkistan // Hür Doğu Türkistan Sempozyumu. – İstanbul: İnsan Yardım Vakfı, 2010, 13 p.
23. Äbdüaqaп Qara, Azattyqtyñ öşpes ruhy Nürğojai batyrdyn estelikteri jäne Ospan batyr, Almaty, «Sardar» baspasy, 2008.
24. Sämitüly J. Qytaidağy Qazaqtar, Almaty, Düniejüzi Qazaqtary Qauymdastyğy. - Almaty, 2000, 47 p.
25. Benson L. – Svanberg I. China's Last Nomads: The History and Culture of China's Kazaks. Armonk-New York- London, 1998.
26. Svanberg I. The Nomadism of Orta Zhuz Kazaks in Xinjiang 1911-1949 // The Kazaks of China Essays on an Ethnic Minority. Ed. Bergson L. – Svanberg L. Uppsala, 1988, 115-125 p.
27. Zardyhanüly Q. Mongolia qazaktary // Qazaq diasporasy bügini men erteñi, Astana, 2005, 99-102 p;

28. Syroejkina K.L. *Sovremenniy Sinzän i ego mestro u Kazahstansko-Kitaiski otnošeniah*. Almaty 1997, 96-109 p.
29. Bräker H. *Çin-Sovyet İlişkilerinde Milliyet Hareketleri // Stratejik Açıdan Sovyet Müslümanları ve Diğer Azınlıklar*. Ed., Wimbush S. E. (Çev., Yuluğ Tekin Kurat). Ankara- Yeni Forum Yayınları, 1988, 183–198 p.
30. Mūqamethanūly N. *Kytaidağy qazaq qauymdastyğynyn qalyptasuy // Qazaq diasporasy bügını men erteñi*. Astana 2005, 132-139 p.
31. Forbes, 62–296-better; Mendikūlova M. *İstoricheskie südby kazakskoi diaspory proishojdenie i razvitie*. Almaty 1997, 113-122-better; Janaltai D. *Qily zaman-qiyn künder*. Almaty, 2000, 25-58 p;
32. Canaltay, 68 p.
33. *İbid.*, 69-70 p.
34. Altay H. *Anayurttan Anadolu 'ya*. Ankara, Kültür Bakanlığı Yayınları. 1998, 465–468 p.
35. Hayit B. *Türkistan Rusya ile Çin Arasında*. İstanbul- Otağ Yayınları, 1975, 324–25 p; Canaltay, 74–75 p.
36. Laird T. *Into Tibet The CIA's First Atomic Spy And His Secret Expedition to Lhasa*. New York, 2002.
37. Oraltay H. *Hürriyet Uğrunda Kazak Türkleri*. İstanbul, 1976
38. Qalşabaeva B. Q. – Beiseğūlova A. S. *Türkia Qazaqtary (etnikalyq taryihy, etnografialyq erekşelikteri)*, Almaty, Qazaq universiteti, 2013, 38-45 p.
39. Tatimov M. B. *Qazaq diasporasynyñ etnodemografiyasy jäne Egemen Qazaqstan // Qazaq diasporasy bügını men erteni*, Astana 2005, 56-57 p.